«6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Медетов Алимардин Шахмардиновичтің - «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	«6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Медетов Алимардин Шахмардиновичтің - «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы орындаған диссертациясы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2024 жылғы екінші қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы негізгі ұстанымдарға негізделеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы №66 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес орындалған. «8D042 - Құқықтану» кадрларды даярлау бағытында «6D030100, 8D04203 - Құқықтану; 6D030200, 8D04201 - Халықаралық құқық» мамандықтар тобы/білім беру бағдарламалары бойынша докторанттарды дайындау бойынша ізденуші Медетов Алимардин Шахмардиновичтің ұсынып отырған диссертациялық жұмысы талаптарға сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері тақырыбындағы диссертациялық жұмыс отандық заң ғылымының дамуына **елеулі үлесін қосады.** Диссертация зерттеуге арналған тақырып шеңберінде ғылыми-теориялық құндылығы бар, өйткені ол трансшекаралық суларды тиімді

			пайдаланудың құқықтық мәселелері бойынша тұжырымдамалық дамуына үлес қосады. Алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығы диссертацияда көрсетілген тұжырымдар мен ұсыныстардың келесі бағыттарда пайдаланылатындығымен расталады, яғни су заңнамаларының нормаларын жетілдіру кезіндегі заң шығарушылық қызметінде; трансшекаралық су ресурстарын пайдалану мен қорғаудың кешенді бағдарламаларын жасағанда; су қатынастары мәселелерін және оларды реттеу тетіктерін құқықтық тұрғыда терең зерттеуге бағытталған жұмыстарда қолдануға болады. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы жұмыста зерттелген проблемалық элементтердің басымдылығымен айқындалған. Алынған нәтижелер зерттеу объектісін реттейтін құқық салаларын реттеуге қатысты басқару элементтерін жақсартуға және шешуге бағытталған және тақырыптың **маңыздылығы ашылған**.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмысты автордың өзі жазу деңгейі **жоғары** және тәуелсіз зерттеу болып табылады. Зерттеу жұмысын жазу тілі түсінікті және жатық, қазақ тілінде сауатты орындалған. Жұмыста өзі жазу принципі - теориялық және тәжірибелік тұрғыда жүйелі түрде қарастырылған. Зерттеуші бұл принциптің құқықтық актілерді қолданылу ерекшеліктерін нақты нормативтік негіздер арқылы дәлелдеген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі еліміздің су ресурстарының 45%-ға жуығы көрші елдерден келетіндігімен, сонымен қатар, қазіргі таңда еліміз су жетіспеушілігі, шөлейттену және климаттың өзгеруі сияқты экологиялық проблемалармен бетпе-бет ұшырасып отырғандығымен, соған байланысты трансшекаралық су ресурстарын басқарудың өзіндік тұжырымдамасын әзірлеу Қазақстан Республикасы үшін өте өзекті екендігімен негізделген. Ізденушінің зерттеу жұмысында диссертация тақырыбының өзектілігі толық **негізделген.**

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын **айқындайды.** Зерттеу жұмысының мазмұны оның жоспарымен орынды үйлесім тапқан және тақырыптың мәнін нақты айқындайды. Жұмыс мәлімделген тақырыпты егжей-тегжейлі қарастырып, зерттеу тақырыбын жан-жақты түсінуді қамтамасыз етеді.
		1) **айқындайды;**	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді.** Атап айтқанда, зерттеу нәтижесінде заманауи құқықтық жүйедегі трансшекаралық су құқығының құқықтық табиғаты жаңаша түсіндірілген, су ресурстарын тиімді пайдаланудың құқықтық түсінігі қарастырылып, су шекараларына қатысты қазақстандық және шетелдік нормалар зерделенген. Трансшекаралық су ресурстарын толық немесе ішінара пайдалану құқығына қатысты келіспеушіліктер мәселесі айқындалып, су ресурстарымен шектесетін көршілес елдердің су құқығы нормаларының аралас су пайдалану баламалы шешімін шығару жолдарын ұсыну арқылы автор алға қойған мақсаттарға қол жеткізіп, зерттеудің міндеттерін орындай білген.
		1) **сәйкес келеді;**	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық логикалық байланысқан және зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Жалпы зерттеу жұмысы жоғары деңгейде орындалған.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автормен ұсынылған тұжырымдар негізделген, сыни талданған. Зерттеу нәтижелері ғылыми және теориялық тұрғыда негізделген, зерттеу барысында диссертацияда жасалған талдаулар мен тұжырымдар нақты болып табылады.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен ережелері **толығымен жаңа** болып табылады. Қол жеткізілген нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы бірінші кезекте қазіргі доктринада жалпы базалық құқықтық ұғымдардың және трансшекаралық табиғи ресурстар мен сулардың орнын оң құқықта айқындаудың жоқтығымен байланыстырған. Отандық әдебиеттерде бұл мәселеге қатысты зерттеулер жоқтың қасы. Көрсетілген құқық-нормалар спектрін реттейтін қолда бар құқықтық көздер жетілдіруді қажет етеді және кейбір мәселелерде фрагменттік даулы сәттерді реттейтін нақты құқықтық баптардың жоқтығы байқалады. Сәйкесінше, құрам туралы түсініктер де жетілмеген. Трансшекаралық табиғи ресурстардың халықаралық-құқықтық мәртебесін, сондай-ақ олардың режимінің ерекшеліктерін зерттеу және қорыту мақсатында трансшекаралық сулар мен ресурстарды жіктеу қажеттілігі көрсетілген. Алғаш рет трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелеріне қатысты мүдделі мемлекет ұғымы қаралған.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады. Зерттеу жұмысында трансшекаралық су ресурстары мүдделі мемлекеттердің ешбірінің юрисдикциясына жатпайтыны нақтыланып, трансшекаралық табиғи ресурстар қатарына жататынын көрсетіле отырып, ол халықаралық табиғи ресурстың бір түріне жататыны айқындалып, олар осы ресурстардың ерекше бір түрі екені жөнінде қорытынды жасалған.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу жұмысының тікелей техникалық немесе технологиялық шешімдерді ұсынбайтынына қарамастан, басқарушылық сипаттағы құқықтық шешімдерді **толығымен жаңа** ғылыми негізде талдау мен тұжырымдар ұсынылған.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген.** Диссертациялық жұмыстың теориялық негізін тек су құқығы саласындағы ғана емес, сондай-ақ мемлекет және құқық теориясы, конституциялық, экологиялық, халықаралық су құқығы және өзге де құқық салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдаулары, оқу құралдары, монографиялар, диссертация авторефераттары мен мерзімді басылымдардағы ғылыми жарияланымдары, сонымен қатар статистикалық мәліметтер, бұқаралық ақпарат көздерінен алынған материалдар құрайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: 1. Орталық Азия елдерінің және Қазақстан Республикасының ұлттық және аймақтық актілерінде, ТМД мемлекеттерінің модельдік Су кодексінде бекітілген трансшекаралық сулар (су объектілер) туралы терминдерді қолдануды ұсынған, ол трансшекаралық сулар (су объектілері) ұғымының мазмұнын нақтылап, біріздендіре отырып, біркелкі түсінуге негіз жасайды, өз кезегінеде Орталық Азия мемлекеттері мен басқа да халықаралық құқық субъектілерінің трансшекаралық су ағындарын тиімді пайдалану және қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастығына жәрдемдеседі. 7.1 Ереже дәлелденді ме? **Ия, дәлелденген.** Себебі, трансшекаралық сулар (су объектілері) ұғымының мазмұнын нақтылап, біріздендіре отырып, біркелкі түсіну үшін Орталық Азия және Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінде бекітілген ұғымды енгізу туралы ұсыныс енгізіліп отыр. 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? **Ия, жаңа.** Халықаралық құқықта және мемлекеттердің заңнамасында біртұтас, біркелкі қолданылатын терминология жоқтығына байланысты, сонымен қатар Орталық Азия

		3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	мемлекеттерінің су заңнамасында трансшекаралық немесе шекаралық су ағындары үшін әртүрлі терминдер қолданылатынына байланысты трансшекаралық сулар (су объектілері) түсінігін біркелкі пайдалану мақсатында ТМД елдерінің модельдік су кодексінде бекітілген анықтамасын қолдану ұсынылған. 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **Ия**, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: A.Medetov, K.Bitemirov, S.Yessimkulov, B.Nakypov, A.Sabyr. The legislative and institutional framework for transboundary water resources management in Kazakhstan. Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues (Print ISSN: 1544-0036; Online ISSN: 1544-0044) Volume 21, (SpecialIssue), 2018 2. Су ресурстарының жіктелуін, яғни оларды төрт түрге жіктей отырып қарауды ұсынған. Олар атап айтқанда: 1) ауызсумен және тұрмыстық сумен жабдықтауға арналған су ресурстары; 2) балық өсіру және ауылшаруашылығы қажеттіліктеріне арналған су ресурстары; 3) өнеркәсіптік қызметте қолдануға арналған су ресурстары; 4) стратегиялық Қордың су ресурстары. 7.1 Ереже дәлелденді ме? **Ия, дәлелденген.** Себебі, су ресурстарын жіктеу оларды тиімді пайдалану мен қорғау мәселесінің алғышарттарының бірі болып табылады және еліміздегі су ресурстарын пайдалану саласын реттейтін заңнамаларда, тұжырымдамалар мен бағдарламаларда бекітілген нормалардың жоғары деңгейде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге өз септігін тигізеді. 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) **ия** 7.4 Қолдану деңгейі:

			3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **Ия,** жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Есімқұлов С.Т., Медетов А.Ш. Қазақстан Республикасының су ресурстарын тиімді пайдалануды құқықтық реттеу мәселелері. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. № 1 (54) 2018. - 134-138 б 3.Трансшекаралық су ресурстары (жерүсті және жерасты) трансшекаралық табиғи ресурстардың қатарына жататынын көрсете отырып, өз кезегінде ол халықаралық табиғи ресурстардың бір түрі болып табылады. Трансшекаралық табиғи ресурс анықтамасы берілген, яғни орналасқан жері (мекендеу ортасы) оларды тиімді пайдалану мен сақтауға жауап беретін әртүрлі ұлттық және (немесе) халықаралық құқықтық жүйелері бар бірнеше мемлекеттердің аумақтарын қамтитын бірыңғай табиғи ресурс деп тұжырымдалған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді** 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? **Ия, жаңа**. Трансшекаралық табиғи ресурстар институтының халықаралық-құқықтық жүйедегі орны халықаралық құқық шеңберінде орналасқандығымен, сонымен қатар трансшекаралық табиғи ресурстарды халықаралық ресурстардың басқа түрлері, яғни атмосфера, жер қыртысы сияқты әмбебап ресурстардан ажырату қажеттігімен негізделген. 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **Ия**, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Нақыпов Б.И., Медетов А.Ш. Арал мәселесі бойынша Қазақстанның көршілес елдермен мемлекетаралық ынтымақтастығының құқықтық негіздері. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі».

			Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал № 3 (58) 2018. 162-165 б. 4.Су заңнамасының нормативтік құқықтық актілер жүйесін құру арқылы, олардың барлығын біріктіру үшін «Анықтамалық» (справочник) құру ұсынылған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді** 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? **Ия, жаңа.** Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға байланысты туындайтын қатынастар су заңнамасы, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер, еліміз ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларымен реттелетін болғандықтан, су заңнамасының нормативтік құқықтық актілер жүйесін құру арқылы, олардың барлығын біріктіру үшін «Анықтамалық» (справочник) құру ұсынылған. 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **Ия**, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Битемиров Қ.Т., Есімқұлов С.Т., Медетов А.Ш. Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық сулардың өзекті мәселелері. 13-14 сәуір 2017 жылы М.О. Әуезов атындағы ОҚМУ тарапынан ұйымдастырылған М.О.Әуезовтің 120 жылдығына арналған «Әуезов оқулары-15: Қазақстанның үшінші жаңғыруы-жаңа концепциялар және заманауи шешімдер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. 5.Су кодексіне Үкіметтің құзыреттері қатарына жеке және заңды тұлғаларға су ресурстарын тең құқықты негізде ұтымды және тиімді бөлу мен беруді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруды енгізу ұсынылған.

			7.1 Ереже дәлелденді ме? **Ия, дәлелденген.** Себебі, қазіргі таңда елімізде су ресурстарын пайдалану саласында жүзеге асырылып жатқан саясат құқықтық реттеудің қазіргі заманғы талаптарына сәйкес мұқият пысықтауды қажет етеді және су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтық реттеу тетігін көрсетуі тиіс. Осы мақсатқа қол жеткізу Үкіметтің құзыреттері қатарын жеке және заңды тұлғаларға су ресурстарын тең құқықты негізде ұтымды және тиімді бөлу мен беруді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруды енгізу арқылы толықтыру өте маңызды болып табылады. 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) **ия** 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **Ия**, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Нақыпов Б.И., Медетов А.Ш. Қазақстан Республикасы мен Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы трансшекаралық суларды бірлесе пайдалану мен басқарудың құқықтық мәселелері. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал № 3 (46) 2017. - 302-305 б. 6.Трансшекаралық табиғи ресурстар туралы үш ережелерді атап өткен: бөлінетін табиғи ресурстар мемлекеттердің аумағында орналасқан және табиғи ортаның бір бөлігін құрайды, бірақ осы аумақтардың қайсыбірінің ажырамас элементі болып табылмайды; бұл ресурстарға мемлекеттің егемендігі қолданылмайды, ал оларға құқықтар өзінің табиғи ресурстарына ажырамас егемендігіне байланысты мемлекеттің құқықтарына тең емес; мемлекеттердің трансшекаралық табиғи ресурстарға құқықтарының шығу тегі мемлекеттік аумақтың осы ресурстардың орналасқан

			жерінің (тұратын жерінің) ажырамас байланысына негізделген. 7.1 Ереже дәлелденді ме? **Ия, дәлелденген.** Трансшекаралық табиғи ресурстар жөнінде ұсынылған үш ереже мемлекеттер аумағындағы трансшекаралық табиғи ресурстардың халықаралық мәртебеге ие екенін айқындауға мүмкіндік береді. 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? **Ия, жаңа.** Әрбір мемлекеттің трансшекаралық су ресурстарын пайдалану жөніндегі құқықтарын жүзеге асыруы басқа мүдделі мемлекеттермен ынтымақтастық негізінде жүргізілуге тиіс. Трансшекаралық табиғи ресурстар жөнінде ұсынылған үш ереже мемлекеттер аумағындағы трансшекаралық табиғи ресурстардың халықаралық мәртебеге ие екенін айқындауға мүмкіндік береді. 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **Ия**, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Есімқұлов С.Т., Битемиров Қ.Т., Медетов А.Ш. Трансшекаралық су объектілерін пайдалану мен қорғаудағы өзекті мәселелер. 26-27 қаңтар 2017 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ тарапынан ұйымдастырылған профессор Т.А. Турмамбековтың 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ИННОВАЦИЯ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу барысында жан-жақты және сенімді талдауды қамтамасыз ететін кешенді зерттеу әдістері: жалпы ғылыми-таным, эмпирикалық, ресми-құқықтық әдістерін қолданылған. Жалпы ғылыми-таным әдістері арқылы трансшекаралық су ресурстарының мемлекеттік және құқықтық саладағы
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			ғылыми зерттеулері және кейбір халықаралық журналдарда жарияланған мақалаларға шолуды талдауды қамти отырып, ғылыми байқаулар зерделенген. Эмпирикалық әдістер арқылы зерттеу тақырыбы шеңберінде түрлі материалдар, солардың қатарында БАҚ-да жарияланған материалдарды жинақтап, бақылау және салыстыру жүргізілген. Ресми-құқықтық әдіс нормативтік құқықтық актілерді дәл түсіндіруді қамтамасыз ететін актілерден құралатындықтан, дереккөздер ретінде табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жүйесіндегі ҚР нормативтік-құқықтық актілері және саяси құжаттары, сондай-ақ дерекқорлар және табиғи ресурстарды қорғау, сақтау және ұтымды пайдалану, экологияны қорғау мәселелерін қамтитын заңдар, сондай-ақ Қазақстан және Орталық Азияның барлық трансшекаралық су ресурстарының халықаралық құқығының нормативтік-құқықтық қайнар көздері құраған

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Ия. Зерттеу жұмысында автор қазіргі кезеңдегі ғылыми зерттеулердің әдістерін және компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана отырып, ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:
			//https://adilet.zan.kz/kaz/ - Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;
			// https://online.zakon.kz - ақпараттық-құқықтық жүйесі;
			//http://cawater-info.net/index.htm - Орталық Азияның су ресурстары және экологиясы туралы білім порталы.

		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Ия. Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		1) **ия;**	

		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбы бойынша жан-жақты әдеби шолу жасауға жеткілікті. Автор заманауи монографияларды, ғылыми журналдардағы мақалаларды, халықаралық шарттар мен отандық нормативтік актілерді қоса алғанда, кең ауқымды дереккөздерге сүйене отырып, зерттеу тақырыбын терең түсінетінін көрсеткен. Әдебиеттерді таңдаудағы тәсілдер зерттеудің өзектілігін айқындап, тақырыптың жан-жақтылығы мен күрделілігін ашуға мүмкіндік берген. Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша ауқымды ғылыми шолу жасап, 160 дереккөзді пайдаланған. Зерттеуде классикалық еңбектер мен соңғы басылымдардың үйлесімділігі әдеби шолудың толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз еткен. Диссертациялық зерттеуде ғылыми әдебиеттерге, оқулықтарға және ғылыми мақалаларға сілтемелер жеткілікті деңгейде **расталған.**
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға **толығымен жеткілікті.**
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларының зерттеуге арналған тақырып шеңберінде ғылыми-теориялық құндылығы бар, өйткені ол трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелерінің тұжырымдамалық дамуына үлес қосады. Жоғары оқу орындарында мамандандырылған пәндерді әзірлеу, су қатынастары саласында орын алып отырған мәселелер және оларды тиімді шешу тетіктерін құқықтық тұрғыда терең зерттеуге бағытталған зерттеу жұмыстарында қолдануға болады.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, оларды келесі бағыттарда: Су кодексі нормаларын жетілдіру кезіндегі заң шығарушылық қызметінде; Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық кешенді бағдарламаларын жасағанда; трансшекаралық суларды тиімді пайдалануды реттейтін құқық салаларын реттеуге қатысты басқару
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			элементтерін жақсарту және шешуге бағытталған құқық шығармашылық қызметінің барысында қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған ұсынымдар мен тұжырымдар **толығымен жаңа** және деректер бұған дейін қолданылмаған практикалық ұсыныстармен толықтырылған. Ұсыныстар трансшекаралық суларды тиімді пайдалануды реттейтін құқықтық қатынастар саласында кеңінен қолданылуы қажет деп санаймын.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Жалпыға түсінікті қарапайым және ғылыми стильде жазылған.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда екіжақты және көпжақты келісімдер шеңберінде трансшекаралық су ресурстарын пайдалану тәртібін белгілеудің құқықтық бастауларын трансшекаралық суларды бірлесе пайлану саласында озық тәжірибеге ие Еуропа мемлекеттерінің өзара жасасқан келісім шарттары, оны іс жүзінде жүзеге асыру тәжірибесіне, ондағы туындаған мәселелерді құқықтық реттеу барысындағы жетік тәжірибелерге мысалдар аз келтірілген. Еліміздің трансшекаралық суларды пайдалану барысын реттейтін құқықтық актілері, көршілес елдермен жасасқан шарттар және оларды пайдалану барысында туындап отырған проблемаларды шешу барысында атқарылып жатқан іс-шараларды трансшекаралық суларды өзара бірлесіп пайдаланудың Еуропалық үлгісімен салыстыра отырып тереңірек талданғанда зерттеу жұмысының құндылығы арта түсер еді. Аталған ескертулер диссертациялық зерттеудің мазмұны мен құндылығын төмендетпейді және ұсынымдық сипатта болады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары 7 ғылыми мақалада жарияланған. Атап айтар болсақ, Scopus және Web of science деректер қорына кіретін шетелдік ғылыми басылымдарда 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 2 мақала жарияланған. Жарияланған мақалалардың барлығы да жоғары деңгейде зерттелген ғылыми еңбек болып табылады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, Медетов Алимардин

			Шахмардиновичтің «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D030100 - Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

6D030100 - Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Медетов Алимардин Шахмардиновичтің «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

PhD докторы, Халықаралық туризм және мейрамдостық Университеті Гуманитарлық мектебінің қауымдастырылған профессор м.а. **Пошанов Нурсултан Нурбаевич**

ӘКІМШІЛІК БӨЛІМІ

РАСТАЙМЫН
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚ
Әкімшілік бөлімінің
басшысы